

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

көрсетілетіндер жүйелі түрде болатын тұрмыстық зорлық-зомбылық, маскүнемдік, қызғаныш, содан кейін жұмыссыздық, қаражаттың жетіспеушілігі және тұрғын үй мәселелері сияқты материалдық себептерді атап өткен жөн. Ажырасудың өте жиі болатын себебі жұбайының сезіміне әсер ететін ерлі-зайыптылардың опасыздығы болып табылады. Некеде адалдықтың болмауы қарым-қатынастары жақсы отбасылар мен жанжалды отбасыларда кездеседі.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда адам баласының құндылықтары қатты өзгеруде. Өкінішке орай, Қазақстанда белең алған ерлі-зайыптылар арасындағы ажырасулар жылдан жылға көбейе беруде. Соған ең алдымен отбасыдағы тәрбие және қоғам ықпалы зор. Осы орайға байланысты еліміздегі мемлекеттік отбасылық саясаттың негізгі міндеттерінің бірі дәстүрлі отбасын нығайту және жауапты ата-ана рөлін насихаттау болып табылады. Елдегі әлеуметтік-экономикалық реформалар мен демографиялық саясатты іске асыру отбасының тұрақтылығына байланысты. Отбасы – тұлғаның рухани адамгершілік негіздерінің негізін қалаушысы болғасын ер балаға және қыз балаға кішкентайынан отбасылық жылы қарым-қатынасқа үйрету, бір-біріне деген жылы шыраймен қарауды үйрету өте маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.«Ажырасу және оның салдары» әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп / Д.М. Айкенова – Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, 2021.–150 б.

2.Ұлттық Статистика Бюросының тіркелген ажырасулар саны статистикасы https://stat.gov.kz/upload/iblock/764/nix3cqbp0yeweavzt3eyvigmmtn5pga/%D0%90%D0%B6%D1%8B%D1%80%D0%B0%D1%81%D1%83%D0%BB%D0%B0%D1%80.xlsx?sphrase_id=342226

УДК 336.01

МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРУШІ КӘСІПОРНЫНДА БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ПЕН АУДИТТИ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Есенжолова Аяна Есболқызы

yesbolovnaaaa@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университетінің Есеп және аудит амандығының

4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Садуакасова К.Ж.

Қазақстан Республикасы экономикасының маңызды секторларының қатарында мұнай-газ өндіру саласын жатқызамыз. Мұнай-газ өндіру саласының қызметінің ерекшеліктеріне байланысты осы салада жұмыс жасайтын компанияларда бухгалтерлік есеп және аудитті ұйымдастырудың да тән айрықша салалық ерекшеліктері бар.

Мұнай газ саласындағы бухгалтерлік есеп пен аудиттің осы саланың спецификасына байланысты өз ерекшеліктері бар:

Басты айрықшасалалық ерекшелігі ретінде мұнай мен газды өндірумен және өңдеумен байланысты өндірістік үрдістердің күрделілігі мен ауқымын айтуға болады. Тиімді есебін жүргізу үшін шығарылым көлемі, шикізат сапасы, өндіріс және тасымалдау құны және салық міндеттемелері сияқты көптеген факторларды ескеру қажет. Осының барлығы бухгалтерлік есепті анағұрлым тереңірек және күрделірек жүргізуді талап етеді.

Тәуекелдер мен белгісіздік. Мұнай газ саласындағы операциялар жоғары тәуекелмен байланысты, мысалы, мұнайға бағаларөзгерістері, саяси тұрақсыздық, экологиялық мәселелер. Бухгалтерлік есепте және аудитте осы факторларды компанияның қаржылық жағдайын бағалау барысында ескеруі керек.

Салалық тән ерекшелікті үлкен территорияда орналасқан көптеген телімдер мен тау-кен нысандарының болуымен байланыстыруға болады. ҚР мұнай-газ өндіруші

компаниясында бірнеше кен орындары, мұнай өңдеу зауыттары, құбырлар және басқа да объектілер болуы мүмкін. Осы объектілердің барлығын есепке алу үшін тұтастай алғанда компанияның қызметі туралы жиынтық ақпарат алуға мүмкіндік беретін бірыңғай есепке алу жүйесін әзірлеу қажет. Бұл басшылыққа негізделген шешімдер қабылдауға және тапсырмалардың орындалуын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл да бухгалтерлік есепті жүргізуді күрделендіреді.

Мұнай-газ саласында салық салу ерекшеліктерін айту керек. Қазақстан Республикасында мұнай-газ өндіруші компаниялар үшін арнайы салық режимі қолданылады, ол пайдалы қазбаларды өндіруге салық төлеуді көздейді. Бұл салықты дұрыс есепке алу және есептеу үшін шикізатты өндіру көлемі мен құны туралы нақты мәліметтер болуы керек. Ол үшін салықты есептеу процесін автоматтандыруға және оның уақтылы төленуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мамандандырылған бағдарламалар мен есепке алу жүйелері қолданылады.

Қоршаған ортаны қорғау және еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтау қажеттілігімен байланысты. Мұнай-газ өндіру саласында компаниялардың осы саладағы қызметін реттейтін белгілі бір стандарттар мен нормативтер бар. Осы талаптардың орындалуын есепке алу және бақылау үшін компания объектілеріндегі қауіпсіздік пен экологиялық жағдай туралы деректерді бақылауға және талдауға мүмкіндік беретін арнайы есепке алу жүйесі болуы керек.

Бақылау мен қауіпсіздік. Бұл салада маңызды ауқымды қаржылық ағымдар жүретіндіктен, ерекше көңілді қаржылық ақпаратты ішкі бақылау мен қауіпсіздік жүйелеріне аудару керек. Аудиторлар бақылау мен қауіпсіздік жүйелеріне талдау және тексеріс жүргізіп отыру керек.

Сондай-ақ, мұнай-газ өндіруші компаниясындағы аудит жоғары тәуекелдер мен күрделіліктермен байланысты екенін атап өткен жөн. Мұнай мен газды өндіру апаттар мен экологиялық проблемаларға әкелуі мүмкін қауіпті және техникалық күрделі процестер болып табылады. Аудиторлар осындай процестермен байланысты тәуекелдерді бағалап, компанияның қауіпсіздік пен экология саласындағы барлық қажетті нормалар мен талаптарды сақтайтындығына көз жеткізуі керек.

Мұнай-газ өндіруші компаниясындағы аудиттің маңызды аспектілерінің бірі қаржылық нәтижелерді және оның қызметінің тиімділігін тексеру болып табылады. Аудиторлар компанияның қаржылық есептілігін оның халықаралық стандарттар мен талаптарға сай екендігіне көз жеткізу үшін бағалауы керек. Сондай-ақ, аудиторлар ықтимал проблемаларды анықтау және оларды жою бойынша ұсыныстар беру үшін компанияның тиімділігіне талдау жасауы керек.

Мұнай-газ өнеркәсібіндегі операцияларды есепке алуды айқындайтын негізретінде нормативтік база болып табылады. Нормативтік база жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды есепке алу тәртібін айқындайды және есепке алудың аса маңызды аспектілерін айқындайды. Жер қойнауын пайдалану саласын реттейтін негізгі нормативтік актілер: "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" ҚР Заңы; "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" ҚР Заңы; ҰҚЕС; ХҚЕС; Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" ҚР Заңы жер қойнауын пайдалану объектілерін айқындайды, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды олардың тәртібі мен реттелуін сипаттайды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды. "Бухгалтерлік есеп туралы" ҚР Заңы кез келген кәсіпорында бухгалтерлік қызметті ұйымдастыру тәртібін айқындайды[1].

Ұлттық және Халықаралық стандарттар кәсіпкерлік субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметінің операцияларын есепке алу тәртібін айқындайды.[2]

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды есепке алу ерекшелігі. ХҚЕС 6 "Минералды ресурстарды әзірлеу және бағалау" жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды есепке алу ерекшелігін қарастыратын стандарт. ХҚЕС 6 минералды ресурстарды игеру мен бағалауды есепке алу үшін қолданылуы керек: "Минералдарды, мұнайды, табиғи газды және басқа да қалпына келтірілмейтін ресурстарды қоса алғанда,

минералды ресурстарды іздеу, сондай-ақ минералды ресурстарды игеру туралы шешім қабылдағанға дейін минералды ресурстарды өндірудің техникалық орындылығы мен рентабельділігін бағалау". Бұл стандарт жер қойнауын зерттеуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға көбірек қолданылады. Өндіруді және жер қойнауын пайдаланудың басқа да операцияларын қаржылық есептілік стандарттары қарастырмайды.

Әдетте, көбінесе мұнай-газ компаниялары ағындық операцияларға қатысады (қорларды барлау және оларды өндіру) және ағындық кезеңде (өнімді тасымалдау және сату) сирек кездеседі.

Операцияларды есепке алғанда, ең алдымен, операциялардың экономикалық мәнін түсіну керек, басқаша айтқанда, мазмұн оның формасынан басым болуы керек. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды есепке алу тәртібі қолданылады.

Мұнай-газ қорларын барлау келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) барлаужұмыстарын лицензиялық жүргізу;
- 2) пайдалы қазбаларды игеру және келісімшарттар жасасу құқықтарын сатып алу;
- 3) іздестіру-барлаужұмыстары;
- 4) қорларды және оларды игеруге арналған шығындарды бағалау;
- 5) кен орындарын игеру;
- 6) қорларды өндіру[3]

Сонымен, мұнай-газ өндіруші компаниясында есеп пен аудитті ұйымдастыру өндіру процестерінің ауқымдылығы мен күрделілігіне, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын сақтауға, мұнай-газ саласының ерекшелігіне және күрделі қаржы құралдарын пайдалануға байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие. Саланың тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін мамандандырылған есепке алу жүйелерін пайдалану және персоналды оқыту, сондай-ақ мұнай-газ саласы мен қаржы құралдары саласында тәжірибесі мен білімі бар аудиторлардың болуы қажет.

Осылайша, мұнай-газ өндіруші компаниясында бухгалтерлік есепке алуды ұйымдастырудың процестердің күрделілігі мен ауқымдылығына, өндіру объектілерінің көптігіне, салық салу ерекшеліктеріне және қоршаған ортаны қорғау мен еңбек қауіпсіздігі жөніндегі талаптарға байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Тиімді бухгалтерлік есепті жүргізу үшін процестерді автоматтандыруға және деректердің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мамандандырылған бағдарламалар мен жүйелер қолданылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Закон Республики Казахстан от 28 февраля 2007 года № 234-III «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.09.2022 г.) (zakon.kz)
2. Закон Республики Казахстан от 24 июня 2010 года № 291-IV «О недрах и недропользовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.05.2018 г.)
3. Учет в нефтегазовой промышленности от 18 июля 2013г.[Электрондық ресурс] (zakon.kz)

ҚАЗАҚСТАН РЕУСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫНА ТАЛДАУ

Жартыбек Дарина Берікқызы

dzhartybek@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің
Мемлекеттік аудит мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- Б.Қайранбеков

Қоғамның дамуының кез-келген кезеңінде сыртқы сауда ең маңызды экономикалық даму